



Шымкент қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев
Зияткерлік мектебі, тарих пәнінің мұғалім-эксперті
Әлжан Бақыт Әмірбекқызы

Фильм қандай ой салады?

Фильмді тамашалау

<https://www.youtube.com/watch?v=aeJpj4oZVr8>





Зерттеу сұрағы:

«Бәрі майдан үшін,
бәрі Жеңіс үшін!»
ұраны қалай жүзеге
асты?



Оқу мақсаттары

- **1. Қазақстанның экономикасын соғыс жағдайларына бейімделгендігін дәлелдеу;**
- **2. Соғыс жылдарындағы халықтың әлеуметтік жағдайын анықтау.**



Сабақтың мақсаттары:

- - Қазақстандық тыл ардагерлерінің жеңіс үшін қосқан үлесін білу.
- - тарихи оқиғаларды қысқаша құрылымдалған мәтіннің (тірек сызба) негізінде тарихи оқиғаларды түсіндіру;
- - бір немесе бірнеше деректік материалға сүйене отырып, өз пікірін білдіру;
- - Өткен кезеңдермен салыстырмалы түрде тарихи оқиғаларды талдай отырып, мазмұндағы өзгерістерді анықтау;
- - Екінші дүниежүзілік соғыс және Ұлы Отан соғысының салдарын талдау.



Жетістік критерийлері:

1. Соғыс жылдарындағы Қазақстанның экономикасын қайта құруындағы тарихи фактілер мен дәйектерді атайды;
2. Соғыс жылдарындағы халықтың әлеуметтік жағдайын анықтайды және біледі;
3. Қазақстандықтардың жеңіске қосқан үлесіне байланысты өзінің көзқарасын айтады.

Жеңіс!



У К А З

Президиума Верховного Совета СССР
Об объявлении 9 мая ПРАЗДНИКОМ ПОБЕДЫ

В ознаменование победоносного завершения Великой Отечественной войны советского народа против немецко-фашистских захватчиков и одержанных исторических побед Красной Армии, увенчавшихся полным разгромом гитлеровской Германии, заявившей о безоговорочной капитуляции, установить, что 9 мая является днём всенародного торжества—**ПРАЗДНИКОМ ПОБЕДЫ.**

9 мая считать нерабочим днём.

Председатель Президиума Верховного Совета СССР М. КАЛИНИН.

Секретарь Президиума Верховного Совета СССР А. ГОРКИН.

Москва, Кремль. 8 мая 1945 года.

В Совнаркоме СССР

В соответствии с Указом Президиума Верховного Совета СССР об объявлении 9 Мая ПРАЗДНИКОМ ПОБЕДЫ Совнаркоме СССР постановил считать 9 Мая 1945 года нерабочим днем.

Совет Народных Комиссаров СССР предложил всем советским государственным учреждениям 9 мая с. г. в день всенародного торжества — ПРАЗДНИК ПОБЕДЫ поднять на своих зданиях Государственный Флаг Союза Советских Социалистических Республик.

Жеңіс бізге несімен бағалы?

- «Соғыс қазақ халқының тарихында ауыр қайғы қасірет пен азабын алып келді. Миллиондаған отандастарымыздың жүрегінде жазылмастай жара қалдырып кетті».

Бауыржан Момышұлы
Шамамен Екінші дүниежүзілік
соғыстан 410 мың қазақстанды
қаза тапты.



Қазақстан соғыстың алғашқы күндерінде



Соғыстың алғашқы кезеңінде 14 атқыштар және атты әскер дивизиясы, 6 бригада құрылып, майданға жіберілді. Қазақстандық 36 жеке атқыштар бригадасы 30-дан астам ұлттан құрылды. Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қырғызстаннан шақырылған жігіттерден 316-атқыштар дивизиясы құрылып, оның командирі генерал М. В. Панфилов болды. Әскер қатарына 1196164 (1196300) қазақстандық қосылып, әрбір бесінші адам майданға аттанды.

Ұлы Отан соғысындағы ерліктері үшін Кеңес Одағының Батыры атағын алғандар: 1.Барлығы — 11600 адам; 2. Қазақстандықтар — 497, оның ішінде казактар — 97; 3.Қазақ қыздары — 2.

Қазақстандық батырлар



Екі мәртебе Кеңес Одағының Батыры атағын алғандар: Талғат Бигелдинов, Леонид Беда, Иван Павлов, Сергей Луганский. Үш мәртебе Кеңес Одағының Батыры атағын алған: И.Н.Кожедуб-Шымкентте орналасқан Чугуев әскери авиация училищесінің түлегі. Солдат ерлігі орденінің толық иегері — 142 қазақстандық.

Қазақстандық батырлар



**Кеңес Одағының орден,
медальдарымен марапатталған
қазақстандықтар — 96638.
Жалпы екінші дүниежүзілік
соғыстағы жеңіс Кеңес Одағына
қымбатқа түсті. Елдің 27 млн
астам адамдары соғыста қаза
болды. Оның 603 мыңы (400 мың)
қазақстандықтар.**

Әскери экономиканың дамуы

Америка мен Ұлыбританияның қару-жарақ өндірісінің көп бөлігі Ленд-лиз арқылы КСРО-ға бағытталды.



400 мың автомашиналар

18,7 мың ұшақтар

10 мыңнан аса танкілер

Өндірістік құралдар

Әскери экономиканың дамуы

Британдық өндіріс бүкіл қару-жарақ қажеттіліктерін өтеуге қауһары болды. АҚШ-ң экономикасы өте тез жылдамдықпен дамыды. Мемлекеттік қазынаның есебінен әскери зауыттар құрылды.




Авиациялық зауытта
жүрген америкалық

*1942 жылы күзінде АҚШ,
Ұлыбритания
артиллериялық қару-
жарақ бойынша КСРО-
мен салыстырғанда 5
есе, ұшақтар бойынша
3 есе, танкілер
бойынша 10 есе көп
болды.*

Әскери экономиканың дамуы

«Бәрі майдан үшін, бәрі Жеңіс үшін!» ұраны өмірлік ұстанымға айналды.



Әйелдер майданға кеткен ерлерінің орнын басты



Ұжымшарлықтардың жинаған ақшасына құрылған танкалық шеп.

Әскери экономиканың дамуы

«Бәрі майдан үшін, бәрі Жеңіс үшін!» ұраны өмірлік ұстанымға айналды.

Звено жетекшілері Ш. Берсиевтің, Ыбрай Жақаевтың, Ким Ман Самның, А. Дацкованың, Б. Сомжүрекованың т. б. еңбектегі данқы бүкіл елге тарады. Қазақстан колхозшыларының ең үздік табыстарын Кеңес ақпарат бюросы өз хабарларында атап отырды.

4 жылдық соғыстың барысында жауға атылған 10 оқтың 9-ы Шымкент пен Өскеменнің қорғасын зауыттарында дайындалды.

Әскери экономиканың дамуы

Соғыстың сипаты — Германия тарапынан бұл соғыс агрессиялық, жаулап алушы, әділетсіз соғыс болды, ал Кеңес Одағы тарапынан әділетті өз жерін қорғаған, азаттық Отан соғысы болды.



**Киров зауытының цехында
KV танкілерді құрастыру**



**Авиациялық зауыттың
цехы**

Қазақстандықтардың Жеңіске қосқан үлесі

Соғыс жылдары жалпы 460 зауыт, фабрика, кеніш, шахталар мен жеке өндіріс орындары, оның ішінде 300- дей эвакуацияланған кәсіпорындар салында. Республикада танкілер мен ұшақтар жасау үшін ақша жинау қозғалысы жүргізілді. 1941 жылы күзде БЛКЖО атындағы танк колоннасын құруға қаржы жинау басталды. Қазақтың белгілі балуаны, әлем чемпионы Қажымұқан Мұңайтпасов жеке қаражатынан қорға 100 мың сом өткізді. Нәтижесінде 1942 жылы армия қазақстандық комсомолдардан 45 жаңа танк алды. 1942–1943 жылдары халықтан жиналған қаржыға 10 танк колоннасы, бірнеше авиация эскадрильясы, торпедалық катерлер мен ұшақтар жасалды. Соғыс жылдары Қазақстан халқы әскери техника жасауға 480,3 млн сом қаржы қосты.

Әскери экономиканың дамуы

Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстан қару-жарық, көлік, киім-кешек, азық-түлікті майданға жылдам жеткізу мақстында қысқа мерзімде Қандағаш –Орск, Жамбыл- Шолақтау, Талдықорған- Текелі темір жол желілері таратылды. Соның нәтижесінде шикізат көздері өнеркәсіп ошақтарымен жалғасты. 1942 жылы Алматыда құрылысы басталған вагон жөндеу зауыты соғыстың соңына таман пайдалануға берілді.

Топпен жұмыс (айтылым)


Тапсырма:

1-ші ТОП – Қазақстанның майданға жіберген азық-түлік пен шаруашылық тауарлары туралы мәліметтер тауып қорғау;

2-ші ТОП – Қазақстанның майданға жіберген әскери техникалары, қару-жарақтары және оқ-дәрілері туралы мәліметтер тауып қорғау;

3-ші ТОП – Қазақстандықтардың Жеңіске қосқан жеке үлесі туралы (киім-кешектер, заттар және т.б.) мәліметтер тауып қорғау

Кері байланыс



- - Не түсініксіз болды?;
- - Не ұнамады?
- - Қай сәттерін тереңірек зерделегін келді?
- - Сабақты жақсарту үшін қандай ұсыныс айтар едің?



Үй тапсырмасы

«Менің отандастарым – тылда еңбек еткендер» атты тақырыпқа эссе жазу.
ПОПС формуласы бойынша 250 сөзден тұратын эссе жазу.